



№ 15 жалпы білім беретін орта мектеп

Общеобразовательная школа № 15

Газет 2016 жылдан бастап шығады

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

№01 қыркүйек 2016 жыл

2 қыркүйек — Білім күні



2 қыркүйек—Білім күні

Қостанай қаласындағы №15 орта мектебінде «Білім күніне» арналған салтанатты жиын өтті. Үстілеріне мектеп формасын киінген, қолдарына құшақ гүлдер, шарлар ұстаған оқушылар өздерінің аяулы №15 орта мектебіне бет алды. Мектепте барлық оқушылардың, олардың ата-аналарының, мұғалімдердің жүзіне күлкі иріліп, барлығыда қуанышты жүрген жандар. Білім күнінде №15 орта мектебінің іші де, алды да тамаша безендірілген. Керемет әуен ойнатылып тұр, жан-жағында жатқан түрлі-түсті шарлар. Біздің

тағатсыздана күткен жиынымыз сағат 10:00 де басталды. Алдыменен Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздерінің бірі әнұран ойналды. Одан соң мектепті алғаш аттағалы тұрған 1-сынып бүлдіршіндері қоларына шарларын ұстап, өздерінің тақпақтарын айтты. Тақпақтарын айтқаннан кейін осы «Білім күніне» арналған салтанатты жиында: -Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Білім беру мекемелерінің педагогтары мен жетекшілері бүгін, яғни 1 қыркүйек күні білім қабырғаларын аттағалы тұрған оқушылар мен тәрбиеленушілерді қарсы алады, бұл күн тек атаулы мереке ғана емес, бұл біздің еліміздің болашағы тәуелді болған қызу қайнаған, жауапты кезең бастамасы. Сіздерге бүгінгі ерекше,

жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ашылуларға ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!- деп №15 орта мектебінің директоры Сапанова Дильнара Сембейовна баршаға тілек білдірді. Алғашқы қоңырау соғылып, барлық оқушылар өздерінің сыныптарына жайғасты. Осымен біздің «Білім күніне» арналған салтанатты жиынымыз мәресіне жетті.

Қуандыкова Элонура
8 «ә» сынып

Назар аударыңыз!

- Мектебіміздің ашылғанына бір жыл толуына байланысты «Туған күніңмен, мектебім!» қолөнер, авторлық өлеңдер және бейне-құттықтау байқауы болып өтті.

Бүгінгі санда:

Абайлаңыз балалар 2

Кітап білім бұлағы 2

Ұлы дала әуендері 2

Көркем сөздің жұлдызы 3

Денсаулық фести-
валі
Бағдаршам 4

Тіл ұлттық қазына 4

Туған күніңмен,
мектебім! 5

Құттықтау 6

«Абайлаңыз, балалар!»

Балаларды жол-көлік қозғалысынан жарақат алудың алдын алу мақсатымен, сонымен қатар жолдар мен көшелерде қауіпсіз мінез-құлыққа байланысты дағдыларды бекіту, тұрғылықты жері мен оқу орындарында көлік ортасына балалар мен жасөспірімдерді бейімдеу

үшін жаңа оқу жылының алғашқы күндерінен бастап мектебімізде «Абайлаңыз, балалар!» іс-шаралар жоспары құрылып, ұйымдастырылып өткізілді. Жол қозғалыс оқиғасы өздігінен туындамайды. Ол жол қозғалыс ережелерінің қандай да бір талаптарын сақтамағандықтан болады.

Жол қозғалысы оқиғаларының сандары мен фактілерінде көптеген адамдардың өмірі, тағдыры және денсаулығы тұрады. Және ең қорқыныштысы жол қозғалысы оқиғалары кезінде балалардың қаза болуы. Бұл мәселені шешудің ең негізгі мәні ең жас жаяу жүргіншілер –



«Абайлаңыз, балалар!»

балаларды жол қозғалысы ережелеріне дұрыс дайындау және үйрету. 02.09 күні алғашқы білім сабағында «Үйге қарай жол» тақырыбында әңгіме өткізіліп, «Үй-мектеп-үй» маршруттық парағы толтырылды. Әлеуметтік педагог «Қол ұшын бер» қайырымдылық акциясын өткізді. 04-09.09 аралығында өткен сыныптық ата-аналар жиналысында «Балаларды жол-көлік жарақаттарының алдын алуда жанұяның атқаратын рөлі» тақырыбында мәселе

талқыланды. 04.09 күні 3-4 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережесін қайталаймыз» ойын түріндегі бағдарлама ұйымдастырылып өткізілді. 05.09 күні «Ережесін жолдың, білу керек әркім!» асфальтта сурет салу байқауы болып өтті. «Балаларлар қауіпсіздігі, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналыстарында баяндамалар оқылды. ЖҚЖИ отряды мүшелері «Балақай, жолдан өткенде

абай бол!» жаднамаларын таратты. Сонымен бірге тақырыпқа байланысты оқушылардан диктанттар алынып, тренинг, ойындар өткізілді.

Өзін –өзі басқару ұйымы

Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да

Кітап білім бұлағы

қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.

Кітапсыз өмір сүру ХХІ ғасырда мүмкін емес екендігі мәлім. Кітап қана дәл мәнді білім береді, себебі ол адамды терең ойлауға жетеледі. Әр адам кітаптың беттің ашқан сайын оның әлемінің тылсым табиғаттын, жаңа құндылықтарды үйренеді.

"Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол" деп текке айтылмаған. Кімде де болса білімділікке сәл-пәл болсада құштарлығын дамытуға көмектеседі. Кітап оқыған адамның шетте қалмасы анық.

Қазіргі заманың техниканың дамуына байланысты

"кітапханалардың болашағы жоқ" деген сөздің қисыны келмейді. Себебі, компьютер адамның денсаулығын, әсіресе көзіне зиян.

Егер кітапхана болмаса бізден көз қалама. Сондықтанда болашақ адамның өз қолында - кітапхананың әлі де болса манызы бар екенің дәлелдейік.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен.

Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті.

Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білігі мен

білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Құрметті №15 орта мектебінің оқушылары «Мектеп кітапханасына жиі келіп кітап оқыңыздар!»

Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіңе жарата білу - әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Мектеп кітапхана кеңесі



Ұлы дала әуендері



Қазақ халқының дәстүрі әуені- рухани мұраның ең бай қазынасы. Ғасырлар бойы сынақтап өтіп, халық дарындылығы мен даналығын көрсете білген, үшінші мың жылдықта ол ерекше тарихи маңызға, көркемдік те, мәдени де

бағылыныққа ие болды. Қазақ даласы ғасырлар бойы шабытты поэзиямен, орынды шешендіпен, жалынды күйлер және шын жүректен шыққан әндермен өмір сүрген. Әуенмен қазақтың бүкіл өмірі байланысты- ол тойларда, салт-дәстүрлер мен ырымда, күнделікті еңбекте және басқа жерлерде айтылады. Қазақ халқы таңқаларлық музыкалық дарындылығымен ерекшеленеді, әр отбасында дерлік жақсы ән айтатын немесе халық

аспаптарында дарынды ойнайтын ең болмағанда бір адам табылады... Халық арасында былай дейді: «Құдай әрбір қазақты жаратқанда жүрегіне күйдің бір бөлігін сіңірген»

Қыркүйектің 7 жұлдызында Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Қостанай қаласы



Ғасырлар бойы музыкалық мәдениеті сақтаушысы да, оны көтере білген де халықтың өзі. Ұқыпты сақтап және жақсы дамыта кем ол ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған...

Таспаева. А. М
9«Ә» сынып оқушысы

«Көркем сөздің жұлдызы»

әкімдігінің білім бөлімінің №15 орта мектебінде, ақын, сатирик, халықаралық «Шабыт» шығармашылық фестивалінің гран при иегері, «Хабар 24» арнасының Қостанай қаласындағы тілшісі Абылай Маудановтың поэзиялық кеші болып өтті.

Кешке ақын өнердегі әріптесі, жерлесі, киелі Торғай жерінің тумасы Жандос Жүсіпбековпен бірге келді. Кездесуге мектебіміздің 7-11 сыныптар және мектеп мұғалімдері қатысты. Кеш барысында ақын өзінің өмір жолынан сыр шерте отырып, осы өнерге неліктен келгені жайлы былай деді: «Өнерсіз адам болса да, өнерсіз қазақ болмайды» дегендей әрбір қазақтың бойында өнер бар. Тек сол өнерді әрқашан жетілдіріп отыру қажет. Менде сол жастайынан өнерге жақын болып, көп өлең оқыдым. Оларды жаттап


алатын қабілетім де болды. Бір сәтте «Неге осы ұлы ақындарымыз сияқты жайлы өлең шығарамасқа?» деп өлең шығара бастадым.

Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша ақын өз ойын білдіріп, біздің қаламызда қандай ауқымды іс-шаралар өтіп жатқандығы жайлы Рухани жаңғыру бағдарламасы Елбасымыздың үлкен реформасы деп айтсақ та болады. Бұл ой толғауының маңызы, түп-тамырымызды, әдебиетімізді, тарихымызды танып білу. Біздің қаламызда бұл бағдарлама барысында өзіміздің қосқан үлесімді айтар болсам, Шақ – шақ Жәнібек бабамыздың өміріне байланысты барлық деректер жинастырылып, облыстық соттың төрағасы Арыстанбек Мирғалиев ағамыз екеуіміздің авторлығымызбен кітап жарыққа шығады. Жақын арада оқырман

қауымға таратылады – деп айтып өтті. Өнер жолының қыр сырын тыңдай отырып, мектеп оқушылары көкейлерінде жүрген сан түрлі сауалдарын қойып, тиісті жауаптарын алды. Ақын оқушыларға ілтипатын білдіріп, өзінің бала кезде алғаш жазған өлеңдерін оқып берді. Кеш соңында ақын оқушыларға өз тағлымын айтып, естелік суретке түсті.

Кеңесбай Эльмира
Ғаниқызы
аға тәлімгер





«Белсенді өмір жүз жастық ғұмыр»

«Мемлекетіміздің басты байлығы – ұрпақ саулығы» деп Елбасымыз айтқандай, халықтың денсаулығы басты қазынамыз екендігі рас. Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласын жақсарту мақсатында көптеген жұмыстар қолға алынып, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Игі дәстүрге айналған бастамалардың бірі – «Денсаулық фестивалі». Бұл шараны өткізудегі негізгі мақсат – қарапайым тұрғындарды спортқа тарту. Салауатты өмір салтын ұстану, аурудың алдын алу – денсаулық негізі екенін түсіндіру. Спорт – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты

пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыс пен ауыстырып отыратын жас адамды айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, спорт – барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы – қозғалыс, ал қозғалыссыз тіршілік жоқ. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты, зор болмақ. Бірінші байлық – денсаулық, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт демекші біздің мектебімізде де «Белсенді өмір жүз жастық ғұмыр» атты денсаулық фестивалі өтті.

Фестиваль аясында әр түрлі спорттық - іс шаралар өткізілді. Атап айтсақ, бастауыш сыныптар арасында қызықты қозғалмалы ойындар, 5–7 сыныптар арасында «Қазына аралы» ойыны, 8-11 сыныптар арасында футбол және волейбол жарысы болып өтті. Барлық сайыстардың қорытындысы бойынша

«Қазына аралы» сайысында:
бас жүлде иегері – 7 а сынып, 59 ұпай I – орын – 6 а сынып, 57 ұпай II – орын – 5 а сынып, 56 ұпай III орын – 7 а сынып, 54 ұпай III орын – 6 а сынып, 53 ұпай III орын – 5 а сынып жеңіске жетті.
Қыздар арасында өткен волейбол жарысында:
I орын - 10 «А» сынып
II орын - 9 «А» сынып
III орын - 11 «А» сынып
Ұлдар арасындағы өткен футбол жарысында:
I орын - 10 «А» сынып
II орын - 9 «Ә» сынып
III орын - 11 «А» сынып
4 сыныптар арасында өткен «Толағай» отбасылық сайысында 1 орында 40 ұпаймен 4 а сыныбы алса, 2 орынды 33 ұпаймен 4 а сыныбы алқалады.

«Өзін—өзі басқару ұйымы»

«Тіл— ұлттық қазына»

Осыдан тура 24 жыл бұрын - 1989 жылы 22 қыркүйек күні "Тіл туралы" заң қабылданған болатын. Бұл заңда Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі қазақ тілі, ал орыс тілі — ұлтаралық тіл деп бекітілген еді. Тіл – қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл - әрбір елдің жаны. Осы тілдер мерекесіне орай мектебімізде тілдер апталығы болып өтті. Апталық барысында әртүрлі іс - шаралар өткізілді. Солардың бірі «Тіл—ұлттық қазына» атты 6 сыныптар арасында өткен сайыс. Бұл сайысты өткізудің мақсаты оқушыны ана тілін қастерлеуге, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Әр бір құрастырылған тапсырмалар оқушыға қызықты әрі ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сайыс қорытындысы бойынша ең мықты, білгіштер болып 6 «А» сыныбы танылды.

Өзін—өзі басқару ұйымы



Туған күніңмен, мектебім!

Қостанай қаласындағы №15 орта мектебінің ашылғанына биыл 2 жыл толды. Біздің мектеп осы арада көптеген олимпиадалар, спорттық іс-шараларға қатысып жүлделі орындарды иеленді. Мектебімізде екі жылдық мерейтойға байланысты түрлі іс-шаралар жүргізілді. Мереке күні оқушылар мектеп жайлы бейнебаян түсіріп мектепті, ата-аналарды бір қуантты. Сондай-ақ мектепте Туған күніңмен мектебім атты тақырыпта авторық

өлеңдер байқауы болды. Маған соның ішінде бас жүлдені ұтып алған 11А сынып оқушысы Нұрғалиев Оразғалидың өлеңі қатты ұнады соның бір шумағын оқып берейін:

*Мектеп деген
даналардың тұрағы,
Ыбырай атам сол
тұрақты құрады.
«Нұрсұлтан, Қостанай, Ту
ған жер»-
Осы емес пе біздің
мектеп ұраны-
деп мектепке деген өзінің
сүйіспеншілігін осындай
шумақтармен жеткізген
болатын. Біздің мектептің
он қолынан май тамған
шебер оқушылар*

мектебімізге түрлі-түрлі сыйлықтар сыйлады. Аталмыш білім ордасы –біздің әрұайсысымыз үшін орны бөлек мектеп. Мектеп ұжымын, оқушылар мен ата-аналарды шын жүректен мектептің туған күнімен құттықтаймыз! Елімізбен бірге де дамып, өсіп, көркейе берсін!

Адилхан Шыңғыс
10 «А» сыныбы

Алтын ұя мектебім, жырға қоссам өзінді.....

Мектебім

Құтты болсын, құтты болсын!
Туған күнің мектебім,
Сенде оқып көркейдім,
Сенде оқып ер жеттім.
Дильнарадай басшымыз,
Мектепті алға сүйреген.
Оқушы озат болсын деп,
Аянбай қызмет істеген.
Мың алғыс саған мектебім,
Білім берген мекенім.
Алғыс айтам мен саған,
Көркейе бер ыстық мекенім.
Мектебіміздің көркі,
Сыныбымыздың гүлі.
Бөпежандай апайымыз,
Ардақтаймыз біз сізді.
Шаштың маған күн нұрын,
Білім нәрін себелеткен.
Себелеткен білімді,
Менде аламын өзіме.

Адилхан Шыңғыс
10 «А» сынып
Аяулы мектебім

Құттықтаймын сені, аяулы мектебім!

Менің жарық және құтты мекенім.


Алаулатып шам—шырақтай жағайық,
Әсемдетіп түрлі шарлар тағайық.

Мектебімнің екі жасын тойлайық,
Құшақ– құшақ гүл шоқтарын сыйлаайық.

Құтты болсын туған күнің мектебім!

Өзің мен әрқашан бас иемін.

Сабырқанова Сымбат
4 «А» сынып



Ұйымның ұраны: Біз өрендер тәуелсіз ел қыраны,
Биіктерге самғау болсын ұраны.


Білім беру ұйымы

Құттықтаймыз

Жилкибаева Людмила Жумартовна



Дуйсенбаева Кымбат

Абдрахов Егизбай Молдабекович

Адаева Зинаида Хабдрашева

Есмагамбетов Асхат Серикович

Нурғалива Сауле Мухамеджановна

Мухамбетжанова Гүлсара Бисимбаевна

Асқарұлы Азат, Қуандықов Нурислам,
Наурызбаева Анэля, Сапанов Нұрдаулет,
Уразбеков Адилжан, Баймен Нұрай, Кужаков
Болат, Оразалы Аян, Сейдуов Ахат, Тынымбай
Аяғез, Базарбаев Санжар, Бухметова Дания,
Жанболатқызы Назерке, Касымбек Нуржан,
Арғынбекова Анеля, Капарова Амина,
Жанбатыр Амангелді, Иралинова Сабина,
Кобланды Диана, Мағауия Нұрзат, Намиялы
Бақытжан, Орынбек Нұралы, Сеитова Зарина,
Әли Анель, Жунусова Камиля, Салмаганбетова
Назгул, Испулова Меруерт, Қуандыкова
Элонура, Молдабеков Мадияр, Боранбай
Мадихан, Далабай Бекзат, Капарова Фаридат,
Таспаева Айнур, Сапарбекова Гүлден,
Аманғалиев Даурен, Сулейменова Мариям,
Мукан Жаннур, Хайса Танзия, Джумабаева
Анелия, Балғабай Мухаммед, Жакебай Бекзат,
Кожамметова Зарина, Аманжолов Адиль,
Арестанбаев Айдар



Мекен-жайы: Қостанай
қаласы, Солтүстік-Батыс
ықшамауданы, 49-қартал,
жер телімі 1

Телефон: 8-714-2-39-24-95
Эл. почта: sch15@kst-goo.kz



